

Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов ауылдық округінің шекарасын өзгерту және белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2025 жылғы 24 шілдедегі № 31/149 шешімі және Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 24 шілдедегі № 114 бірлескен қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 3)-тармақшасына сәйкес, Түпқараған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Түпқараған аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Осы бірлескен қаулы және шешімге қосымшаға сәйкес, Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов ауылдық округінің шекарасы өзгертілсін және белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түпқараған ауданының әкімінің міндетін атқарушы


Түпқараған аудандық мәслихатының төрағасы

О.Тлепов

А.Байбатырова

Түпқараған ауданының
әкімдігінің 2025 жылғы
24 шілдедегі № 114 бірлескен
қаулысы және Түпқараған
аудандық мәслихатының
2025 жылғы 24 шілдедегі
№ 31/149 шешіміне қосымша

Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов ауылдық округінің шекарасының схемалық картасы



Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов ауылдық округінің жерлерінің ЭКСПЛИКАЦИЯСЫ

Атауы	Ауданы, гектар
Жерлерді қосқанға дейінгі Сайын Шапағатов ауылдық округінің шекарасындағы жерлердің ауданы	3748, 8566
Сайын Шапағатов ауылдық округінің шекарасына қосылатын жерлердің ауданы	284, 4297
Жерлерді қосқаннан кейінгі Сайын Шапағатов ауылдық округінің шекарасындағы жерлердің ауданы	4033,2863, оның ішінде: ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер -3263,0; елді мекен жерлері – 129,6; босалқы жерлер – 640,6863.